

## **Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласының кейбір құрамдас бөліктерін қайта атау туралы**

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 15 ақпандағы № А-2/61 және Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 ақпандағы № 8С-15/2 бірлескен қаулысы мен шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақмола облысы Бұланды ауданы Макинск қаласының кейбір құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) Мичурин көшесін Ахмет Жұбанов көшесіне;
- 2) Новостройки көшесін Талғат Бигелдинов көшесіне;
- 3) Полевая көшесін Алаш көшесіне;
- 4) Пристанционная көшесін Жібек жолы көшесіне;
- 5) Проектная көшесін Ілияс Есенберлин көшесіне;
- 6) Чапаев көшесін Қасым хан көшесіне;
- 7) Чкалов көшесін Төле би көшесіне;
- 8) Энгельс көшесін Құлагер көшесіне;
- 9) Автомобильная көшесін Біржан сал көшесіне;
- 10) Герцен көшесін Тұрар Рысқұлов көшесіне;
- 11) Киров көшесін Ғабит Мүсірепов көшесіне;
- 12) Парковая көшесін Ақан сері көшесіне;
- 13) Транспортная көшесін Сәбит Мұқанов көшесіне;
- 14) Школьная көшесін Азаттық көшесіне;
- 15) Калинин көшесін Шәкәрім көшесіне;
- 16) Кооперативная көшесін Желтоқсан көшесіне;
- 17) Молодежная көшесін Нұрғиса Тілендиев көшесіне;
- 18) Попов көшесін Ілияс Жансүгіров көшесіне;
- 19) Пугачев көшесін Мағжан Жұмабаев көшесіне;
- 20) Свердлов көшесін Қабанбай батыр көшесіне;
- 21) Громов көшесін Қажымұқан көшесіне;
- 22) Островский көшесін Бейбарыс сұлтан көшесіне;

- 23) Тельман көшесін Керей хан көшесіне;
- 24) Куйбышев көшесін Жұмабек Тәшенев көшесіне;
- 25) 1 тұйық Дорстря көшесін Балуан Шолақ 1 тұйық көшесіне;
- 26) 2 тұйық Дорстря көшесін Балуан Шолақ 2 тұйық көшесіне;
- 27) 3 тұйық Дорстря көшесін Балуан Шолақ 3 тұйық көшесіне;
- 28) 1 тұйық Станционная көшесін Михаил Яглинский 1 тұйық көшесіне;
- 29) 2 тұйық Станционная көшесін Михаил Яглинский 2 тұйық көшесіне;
- 30) 2 Станционная көшесін 2 Темір жол көшесіне.

2. Осы бірлескен Бұланды ауданы әкімдігінің қаулысы және Бұланды аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бұланды ауданының әкімі*

*Аудандық мәслихаттың төрағасы*

*А.Смайылов*

*Н.Сексенов*